

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТИ
ИСЛАМ ІЛІМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ИСЛАМТАНУ КАФЕДРАСЫ

БЕКІТЕМІН
Қабылдау комиссиясының
төрагасы, проректор
PhD, Е. Онтар

«05.02.2025 ж

6B02201-«Исламтану» (Екінші жоғары білім) білім беру бағдарламасы
бойынша

СҮХБАТТАСУ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы 2025

Сұхбаттасу емтихан бағдарламасы Исламтану кафедрасында дайындалып, кафедра отырысында талқыланды.

Исламтану кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 10 « 02 » 05 2025 ж.

Кафедра менгерушісі:



Н.С. Анарбаев

«6B02201-Исламтану» (Екінші жоғары білім) білім беру бағдарламасы бойынша сұхбаттасу емтихан бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы емтиханды өткізу қағидалары Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде сұхбаттасу даярлықты талап ететін Исламтану білім беру бағдарламасының Екінші жоғары білім бөліміне түсетін талапкерлер үшін өткізіледі. Емтихан сұхбаттасу түрінде қабылданады.

2. Емтиханның мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді менгерудегі тұлғалық алғышарттарының болуын тексеру болып табылады.

3. Емтиханды Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде құрылған пәндік комиссия өткізеді.

4. Білім беру бағдарламасы бойынша емтиханды өткізу нысаны мен мазмұны жоғары оқу орнымен дербес анықталады.

5. Емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін құрамы Нұр-Мұбарак ЕИМУ ректордың бұйрығымен бекітілетін пәндік комиссия құрылады.

6. Емтиханның кестесін (пәннің атауы, күні, уақыты және өткізілетін орны, кеңестер, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.

7. Емтихан «өтті/өпеді» деп бағаланады.

2. Емтиханды қабылдау тәртібі

1. Емтихан өткізу аудиториясына жіберуді және емтиханды өткізу кезінде осы қағидаларды сақтауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтиханды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

2. Емтиханды өткізу кезінде аудиторияда бөтен тұлғалардың болуына жол берілмейді.

3. Талапкер емтиханға кестеде керсетілген мерзімде келеді. Талапкер аудиторияға емтихан басталғанға дейін 10 минут бұрын жіберіледі.

4. Талапкер емтихан өткізу аудиториясына жеke басын куәландыратын құжатты және құжаттарын қабылдағаны туралы қолхатты көрсеткен жағдайда жіберіледі.

5. Емтиханды өткізу кезінде бір орыннан басқа орынға ауысуға, емтихан материалдарымен алмасуға, көшіріп алуға, аудиторияға оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, мобильді байланыс құралдарын кіргізуге және қолдануға тыйым салынады.

6. Емтихан тыныш және қолайлы жағдаймен қамтамасыз етіледі, талапкерлерге өз білімі мен білік деңгейін толық көрсете алына барынша мүмкүндік жасалады.

7. Емтиханды өткізу кезінде талапкерлерге және оны өткізу үшін тартылған жоғары оқу орнының қызметкерлеріне өзімен бірге байланыс және электрондық-

есептеу техникаларын алуға және пайдалануға тыйым салынады.

8. Емтихан басталғаннан кейін талапкерлерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парактарды рәсімдеуге ұсынылған тәртіптер түсіндіріледі, сондай-ақ сұхбаттасу емтиханың басталу және аяқталу уақыттары, нәтижелерді жариялаудың және апелляция өткізудің уақыты мен орны көрсетіледі.

9. Емтиханды өткізу кезінде талапкерлер мынадай талаптарды сақтайды:

- емтихан алушының көрсеткен орынға отыру;
- тыныштық сақтау және өз бетінше жұмыс істеу, емтихан алушымен және басқа талапкерлермен сөйлеспеу;
- аудиторияда жүрмеу, басқа орынға отырмау;
- емтихан аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шықпау.

10. Осы қағидаларды бұзған жағдайда талапкер аудиториядан шығарылады.

Бұл ретте емтихан жұмысының титулдық параграфына емтихан алушының қолымен расталған шығару себебі туралы жазылады. Талапкердің бұл жұмысы жойылады. Талапкер дәлелді себептермен емтиханға кешігіп немесе келмеген жағдайда ол сұхбаттасу емтиханды жазбаша өтініші мен сұхбаттасу емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептерін растайтын құжаттарды ұсынуы негізінде ректордың рұқсаты бойынша бекітілген кесте шенберінде басқа уақытта тапсыруға жіберіледі.

11. Емтиханды жіберіп алуына дәлелді себептер мыналар болып табылады:

- талапкердің ауырып қалуы (емдеу мекемесінен ауырып қалғандығы туралы анықтаманы ұсынумен расталады, анықтама емдеу мекемесінің мөрімен бекітіледі);
- төтенше жағдайлар, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы (мемлекеттік мекемеден төтенше жағдайдың немесе жол-көлік оқиғасының болу фактісін айғақтайтын анықтама ұсынумен расталады).

12. Дәлелді себептер бойынша емтиханға келмеген тұлғалар оған емтиханды өткізу мерзімінен кешіктірілмей қосымша анықталған күні жіберіледі.

13. Дәлелсіз себептермен емтиханға келмеген талапкерлер емтиханға жіберілмейді.

14. Емтиханға қайта қатысуға рұқсат берілмейді.

15. Емтихан жұмыстарын тексеру тек жоғары оқу орнының ғимаратында жүргізіледі.

16. Емтихан жұмыстарын тексеруді тек пәндік комиссияның мүшелері жүргізеді.

17. Емтиханның қорытындысы ведомостпен рәсімделеді.

18. Тексерілген жұмыстар, бағалау ведомостері және бағалары мен тексеруші емтихан қабылдаушылардың, пәндік комиссиясы төрағасының қолдары қойылған хаттамалар жауапты хатшыға (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі.

19. Емтиханның нәтижелері емтихан өткеннен кейін келесі күні хабарланады.

20. Талаптарды сақтауды және емтиханды бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешуді, емтихан өткізу кезеңінде емтихан тапсырушы тұлғалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында апелляциялық комиссия құрылады.

21. Апелляциялық комиссия емтиханның нәтижелерімен келіспейтін тұлғалардың өтінімдерін қарастыру үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның тәрағасы мен құрамы Нұр-Мұбәрак Фылыми кеңесінің бұйрығымен бекітіледі.

22. Апелляцияға өтінімді апеляциялық комиссия тәрағасының атына емтихан тапсырушы тұлға жеке береді. Өтінім емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және оны апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарастырады.

23. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіpte жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның өтінімі қарастырылмайды.

24. Емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия тәрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы тәрағаның және комиссия мүшелерінің барлығының қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді.

3. Нормативтік талаптар

«Исламтану» (Екінші жоғары білім) білім беру бағдарламасына тұсу емтихандарының бағдарламасы мен талаптары шығармашылық қабілеттері бар, алғашқы діни сауатқа ие тұлғаларды таңдау мақсатында құрылған.

Екінші жоғары білім бөліміне тұсу үшін талапкерлер дін негіздері бойынша емтихан тапсырады.

Дін негіздері бойынша ауызша емтихан талапкерлердің бастапқы исламтанушылық қабілеттерін айқындауға, олардың діни білімдерін толық көрсетуге мүмкіндік береді.

**«6B02201-Исламтану» (Екінші жоғары білім) білім беру бағдарламасы
бойынша оқуға түсушілерге арналған емтихан сұрақтары**

Фиқі әзіздеу үсул әл-фиқі бойынша:

1. Умраның парыздары мен уәжіптерін атаңыз?
2. Неке ұфымы?
3. Шаригат талаптарына сай жар таңдауды талданыз?
4. Құда түсу шаригат талаптарына сай қалай іске асады?
5. Неке келісімінің рүкіндерін баянданыз?
6. Неке келісімінің шарттарын баянданыз?
7. Сахих некенің ұфымы?
8. Мауқұф некені түсіндірініңіз?
9. Гайру ләзим неке дегініміз не?
10. Фәсид некені түсіндірініңіз?
11. Батыл неке дегеніміз не?
12. Үйленудің тиымдары?
13. Үйленуге салынытын тұрақты (муаббад) тиымдарды атаңыз?
14. Үйленуге салынытын уақытша тиымдарды атаңыз?
15. Неке қиюдағы уәлидің құзыреті?
16. Үәлиліккө құзыретті кісілерді атаңыз?
17. Мәһірдің үкімі?
18. Мәһірдің тұрларі мен берілетін уақытын баянданыз?
19. Ерлі-зайыптылар арасындағы нәпәқа мәселесін баянданыз?
20. Талақ ұфымын түсіндірініңіз?
21. Талақтың тұрларін бқаянданыз?
22. Сот арқылы ажырастыру мәселесін түсіндірініңіз?
23. Идда мерзімін баянданыз?
24. Шаригат бойынша балаларға қамқорлық қылу мәселесін түсіндірініңіз?
25. Ханафи мәзhabының усульдағы дәлелдерін атаңыз?
26. Үкім шығарудағы ижмағтың рөлін көрсетініңіз?
27. Үкім шығарудағы қиястың рөлін көрсетініңіз?
28. Истихсанмен үкім шығарылатын жағдайларды айттығызыз?
29. Діни үкім шығарудағы әдет-ғұрыптың орны?
30. Тәклифи үкімдерді айттыңыз?
31. Уадғи үкімдерді айттыңыз?
32. Ғумум мен хусус ұфымдарын түсіндірініңіз?
33. Мутлақ пен муқайяд ұфымдарын түсіндірініңіз?
34. Тілдік қағидалардың (дәләләту әлфәз) шариғи үкім шығарудағы орнын түсіндірініңіз?
35. Зекет шығарылатын байлық тұрлери

36. Нисәб ұғымын түсіндіріңіз?
37. Сауда тауарларының зекеті?
38. Зекеттің парызы болу шарттары?
39. Егіннің зекеті туралы баяндаңыз?
40. Төрт тұлік малдың зекеті туралы баяндаңыз?
41. Қарыздың зекеті қалай есепт елінеді?
42. Зекет алуға құқылы адамдарды баяндаңыз?
43. Қажылықтың түрлері?
44. Қажылықтың парыздары?
45. Қажылықтың сұннеттері?
46. Қажылықтың уәжіптері?
47. Қажылықтың бұзатын амалдар?
48. Ихрамдағы кісіге тыым салынатын амалдар?
49. Һәди дегеніміз не?
50. Тәмәттуғ құрбандығын шалуға шамасы келмесе не істейді?
51. Қажылық кезіндегі кәфәрат мәселесін ашықтаңыз?

Ақида ілімі бойынша сұрақтар:

1. Тақлиди иман және тахқиқи иман деген не, мысалмен түсіндіріңіз?
2. Истиidlәli иман деген не, оның қандай түрлері болады?
3. Тақлиди иман мен истиidlәli иманға құнделікті өмірден мысал келтіріңіз.
4. Алланың бар екенін білдіретін негізгі дәлелдер мен екінші кезектегі дәлелдер қандай?
5. Атеистерге Құдайдың бар екенін дәлелдегендеге жаратылыстануғының жүргіген дұрыс па?
6. Кәләм ғалымдары «дәлил әт-тәмәнуғ» (دليل التمانع) дәлелін қандай мәселеге қатысты келтіреді, аталған дәлелге Құраннан мысал келтіріңіз?
7. «Дәлил әт-тәуәруд» (دليل التوارد) деген не?
8. Кәләм ғалымдары «дәлил әт-худус» (دليل الحدوث) және «дәлил әл-имкән» (دليل إمكان) деп аталатын дәлелдерді қандай мәселеге қатысты келтіреді?
9. Матуриди ғалымдарының мутәшәбиһ сифаттарды пайымдан түсіндіруде қандай әдістерді негізге алған?!
10. Мутәшәбиһ сифаттарға қатысты «тәнзин», «тафуид» және «тәуил» ұғымдарын түсіндіріңіз?
11. Сәләфилер мутәшәбиһ сифаттарға қатысты «тафуидтің» қандай түрін үстанады?
12. Сәләфилердің таухид ұғымын үшке бөлуінің астарында не бар?
13. Алланың Құдра, Тәкуин және Ирада сифаттары ақыли үкімдердің қайсысына бағытталады?

14. Матуриди ақидасты бойынша Құран, хадис, шарифи және ақылы дәлелдер негізінде «иман-амал» арақатынасы мәселесін дәйектеп түсіндіріңіз.
15. Матуриди және әшғари ақидасты негізінде Алланың Зәти, Субути және фиғли сифаттарын салыстырмалы түрде түсіндіріңіз.
16. Хашуиялар және сәләфілер Имам Ағзамды және жалпы ханафи-матуридилерді иман-амал бөлек деген ұстаным үшін не деп жазғырды және оларға қалай жауап береміз?
17. Алланың Кәләм сифатын матуридилер, әшғарилер, әhlі хадис/сәләфілер қалай пайымдайды, салыстырмалы түрде түсіндіріңіз.
18. Миғраж мұғжизасы Алла аспанда деген сәләфілердің сеніміне дәлел бола ма?
19. أَمْنِتُ مَنْ فِي السَّمَاءِ أَنْ يَخْسِفَ بِكُمُ الْأَرْضَ فَإِذَا هِيَ تَمُورُ. Аятын алға тартып, Алла аспанда деген сәләфілерге тәпсір әдіснамасы тұрғысынан қалай жауап бересіз?
20. Алланың жәннатықтарға көрінуі мәселесін алға тартып, сіздер Алланы кейіпсіз (бла қіф) көреміз дейсіздер, ал біз Алланың «Үәжһ», «Иәд», «Сәк» сынды хабари сифаттарын кейіпсіз деп тұра мағынада бекітеміз, екеуі бір нәрсе емес пе, деген сәләфілерге қалай жауап бересіз?
21. Имам Ағзамның «Раббым аспанда ма, жерде ме білмеймін» деп айтқан адам кәпір болады, деген сөзін өздерінің ақидастына дәлел ретінде алға тартатын сәләфілерге қалай жауап бересіз?
22. Матуридилер мен әшғарилер адамның ерік-қалауы мәселесін қалай түсінген?
23. Адамның ісі жарату тұрғысынан Алладан, «кәсб» тұрғысынан адамнан дегенді қалай түсінесіз?
24. Матуридилер мен әшғарилердің «Тәкуин» сифатын еki түрлі пайымдауына қай сифат негіз болған?
25. Адамзат дін және пайғамбарлар институтына зәру емес дейтін ұстанымды кімдер алға тартады?
26. Тақлиди иман неше түрге бөлінеді, қабыл болатын тақлиди иман қандай?
27. Алланың барлығын дәлелдеуде басшылыққа алынатын «ижмали» және «тафсили» дәлелдерге мысал келтіріңіз.
28. Матуридилердің ұстанымы бойынша «Тәкуин» Алланың қандай сифаттарын қамтушы сифат?
29. Имам Матуридидің көзқарасы бойынша Алланың «нәфси кәләмі» естіле ме?
30. Имам Әшғаридің көзқарасы бойынша Алланың «нәфси кәләмі» естіле ме?
31. Матуридилердің ұстанымы бойынша адамның мандайындағы «сағид» және «шақи» деген жазу өзгере ме?
32. Әшғарилердің ұстанымы бойынша адамның мандайындағы «сағид» және «шақи» деген жазу өзгере ме?
33. Жабриялардың тағдырға қатысты ұстанымы қандай болған?

34. Қадариялардың тағдырға қатысты ұстанымы қандай болған?
35. Адам өз ісін өзі жаратады дегендер кімдер және олардың үкімі қандай?
36. Кираман кәтибин періштелерін қай ағым жоққа шыгарған және не себепті?
37. Философтардың көзқарасы бойынша қайта тірілу мен хашыр қандай сипатта болады?
38. О дүниедегі Таразыны қай топ жоққа шыгарған және не себепті?
39. Құрсақ періштесі жайлы қай хадисте айтылған?
40. Таууафун періштелері жайлы баяндаңыз.
41. Мәтуриди мәзhabы бойынша иманның анықтамасы?
42. Ру'иетулла мәселесіне қатысты муғтазила ағымының ұстанымы қандай?
43. Мәтуриди ақидасы бойынша харам азық Алланың рызығы деп есептеле ме?
44. Үлкен күнә жасаушының үкімі қандай?
45. «Алла қайда» деген сұраққа қалай жауап береді?
46. Алла Тағала барлық жерде деп кімдер айтады?
47. Сират көпірдің сипаттамасы, оған имам келтірудің үкімі қандай?
48. «Истәүә» сөзін қалай түсіндіреміз?
49. Имам Мутуридидің толық аты-жөні және дүниеден өткен жылды қандай?
50. Ақида ілімінің басқада қандай атаулары бар? Олардың айырмашылығы неде?

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Негізгі әдебиеттір:

- 1 Мұхаммад Насафи, Бахрул Калам, Дарул Фурқан баспасы 2015ж – 3496.
2. И.Сейітбеков, Иман негіздері, А., 2010
3. Қ.Жолдыбайұлы, Ақиқат шуағы, А.,
4. Қ. Құрманбаев? Хадис іліміне кіріспе, 2019
5. Қ.Құрманбаев, Құран ілімдеріне кіріспе, 2014
6. Д.Өмірзаққызы, Адамзаттың Асыл Тәжі, А., 2006
7. Қ.Сейтұлы, Періштелерге иман, А, 2010
8. М.Исаұлы, Қ.Жолдыбайұлы, Ислам Фылымхалы, А., 2006
10. Жоламан Бұланұлы, Сопылық ілімі, 2023
11. М.Ф. Муртазин, Р.М. Мухаметшин и др. М., 2008
12. Ә. Қайназарұлы, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің өмірбаяны, 2011
13. Ержан Қалмақан. Ислам ақидасы. – Алматы: Самға баспасы, 2018.
14. Әкімханов Асқар. Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдары. – Алматы: Нұр-Мұбәрак баспасы, 2019.
15. Хамза әлБәкри, Усус әлАқида. – Ыстамбұл 2013.

Қосымша:

2. Ш. Әділбаева, Сұннет салтымыз, хадис ғұрыпымыз, А., 2009 ж.
3. А. Әділбаев, Ш. Әділбаева, Имам Әбу Ханифа және ханафи мәзһабы, А., 2011
4. Ислам историографический очерк, М.,
5. М. Исаұлы, Құран кімнің сөзі, А., 2006
6. Сейтбеков И., Нысанбаев С., Ислам тарихы, Шымкент,
7. Мец А., Мусульманский ренессанс М.,
8. Массә А., Ислам, М.,
9. Монтгомери, У., Влияние ислама на средневековую Европу, М.,
10. Негізгі діни мағлұматтар, (Ауд., құр. Х. Өзтүрк, Б. Мансұров) А., 2008
11. Т. Түгелұлы, Б. Тұрғанбекұлы, Мәзһаб туралы таным, А., 2011
13. Басилов В.Н., Кармышева Дж.Х. Ислам у казахов М. 1997.
14. М. Исахан. Мазхаптар тарихы (саяи, сенімдік, фықытық негіздер бойынша), Алматы, 2006.